

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.II. - Б. 305-308

АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОЗЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Асатова Ә. Ш.

Озық білім беруді жүзеге асыру танымдық және басқа да салаларда жүйелі тәсіл мен жүйелі ойлау дағдыларын, біліктілігін және жүйелі ұғынуды дамытуды қамтамасыз ететін, сәйкес технологиялар мен тәсілдерді әзірлеуді және білім беру үрдісін айқын түрде өзгертуді талап етеді.

Озық білім беру мазмұнының жүйесі оқу үрдісі барысында жүзеге асырылған жағдайда оқыту міндеттері мен мақсаттарының нәтижелілігі мен сапасын қамтамасыз ететін, жүйелілік тұғыр негізінде реттелген, өзара байланысты элементтердің жиынтығын көрсетеді.

Білім берудің мазмұны бейнеленетін осындай жүйелердің құрылымы оқу материалын зерделеу үрдісін жеңілдетіп және айтарлықтай тездетіп қана қоймай, сонымен қатар ең маңызды қызметі білім беру мазмұнының субъектілерін тәуелсіз түрде құрылымдау болып табылатын, танымдық саладағы өзін-өзі басқару дағдылары мен икемділігін тиімді түрде дамытады.

Озық білім беру технологиясы мен қызметтік тұғырды жүзеге асырудағы теориялық негіздеменің бірі ретінде ақыл-ой әрекеттері мен ұғымын жоспарлы түрде қалыптастыру теориясы қызмет етеді[1].

Д.В.Чернилевскидің тұжырымдамасы бойынша, оқыту технологиясы – бұл оқытушылардың эмпирикалық инновациясы мен кәсіби қызмет бабында жоғары нәтижелерге жетуге және студенттің жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталғандығын ескере отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру мен талдаудағы ғылыми тұғырлерге, ғылыми білімді дидактикалық тұрғыдан қолдануға бағдарланған жүйелілік санат. Білім берудегі заманауи технологиялар білім беру үрдісінің кезекті ұдайы өндірісі мен түзетілімдерін, заманауи технологиялар білім беру үрдісінің кезекті ұдайы өндірісі мен түзетілімдерін, бағасын, жүзеге асырылуын, жобалануының жүйелілік тұғырын қамтиды[2].

В.П. Беспалько педагогикалық технологияны білім беру барысындағы мақсатқа жетудегі кепілді құрал ретінде қарастырады. Сонымен қатар, мақсат диагностикаланған түрде қойылуы керек, яғни белгіленген уақыт межесінде нәтижеге жетуге кепілдік беретін, толығымен айқындалған дидактикалық үрдісті құру және оның жүзеге асырылу деңгейі жайлы қорытынды жасау мүмкін болатындай, айтарлықтай нақты және айқын болуы керек. Оның пікірі бойынша, дидактикалық үрдісті (педагогикалық технологияның негізі ретінде) ұйымдастырудың негізгі мақсаты барынша аз уақыт ішінде алдын-

ала қойылған мақсатқа сәйкес, оқушының жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруды жүзеге асыру болып табылады [3].

Оқыту технологиясы, кез-келген өзге де технологиялар секілді, жобаланады және жоспарланған нәтижеге қол жеткізу үшін жүзеге асырылады. Кез-келген технология белгілі бір сападағы нәтижелерге қол жеткізу үрдісіне қатысушы адамдарда қажетті біліктіліктің болуын, барлық көрсеткіштердің, сипаттамалардың, талаптардың, сонымен қатар үрдістердің сақталуын қарастырады.

Білім берудің заманауи технологиясы біз үшін тәжірибелік, теориялық, танымдық және өзге де қызметтердің, сәйкесінше ойлау тәсілдерінің тиімді түрлерін меңгеруде, сонымен қатар, білім берудің жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына қол жеткізуде қолданылатын, басқарылатын және бақыланатын қызметті, қажетті ақпараттық, кадрлық, материалды-техникалық және өзге де қамсыздандыруларды, білім беру құралдары мен формаларын, тәсілдерін, мазмұнын, принциптерін қоса алғандағы, оның кешендерінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Озық білім берудегі мақсаттарға жетуге және оларды жүзеге асыруға қабілетті кейбір технологияларды қарастырамыз:

1. *Жүйелілік тұғыр негізіндегі озық білім беру технологиясы* – білім берудегі өзара байланысты компоненттер (негізгі принциптер, мазмұны, жүйелі әдістер мен технологиялар, формалар мен құралдар), сонымен қатар, озық білім берудің жоспарланған нәтижесі мен мақсаттарына қол жеткізу үшін арнайы жобаланған және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін (ақпараттық, кадрлық, материалды-техникалық, психологиялық және өзге де) қосалқы жүйелер жиынтығы[4].

Жүйелілік тұғыр негізіндегі озық білім беру технологиясының құрылымын, ең алдымен, терең және жүйелі білімді меңгеруге; осы үшін қажетті икемділік, дағды, қабілеттілік пен ойлау тәсілдерін қалыптастыруға; зерделенетін нысандарды толығымен тануға мүмкіндік беретін, жүйелі тәсілдер мен әдістер құрайды.

Жоғарыда аталған технологияның ерекшеліктеріне келесілерді жатқызуға болады:

1) жүйелі ойлау мен жүйелі тәсілдің дағдылары мен шеберлігін жедел (озық мағынада) қалыптастыру;

2) әрбір оқушының, оның білімінің, шеберлігінің, қабілеті мен құзыреттілігінің озық сипаттамасы ретінде мақсатқа жетуге бағдарлануы;

3) өзге де жүзеге асырылатын және алдағы қызметтің, тәжірибелік, теориялық, танымдық қызметтердің бағдарлық негізін озық қалыптастыру;

4) білім берудің нәтижелі мақсатына қол жеткізуге және қоршаған ортаның шынайылығын тұтас тануға бағытталған, қызмет түрлерін және олармен шартталған ойлау тәсілдерін озық меңгеру;

5) экономиканың, ғылымның, қоғамның және оның нақты салаларының, сонымен қатар, субъектінің болашақтағы кәсіби қызметінің стратегиялық даму контекстіндегі құзыреттілікті озық қалыптастыру;

6) жаңалықтарға әзірліктің және сезімталдықтың дамуы, алғажылжудың жеңісті кепілі үрдіс пен құбылыстардың, нысанның қол жеткізілген жай-күйінің озық дамуы болып табылатындығын түсіну;

7) озық ақпараттармен жұмыс істеу дағдысы мен шеберлігін дамыту және басқарушылық шешімдерді қабылдау мен әзірлеу үшін оның тиімділігін арттыру;

8) оқушының өзіндік жұмысын жүзеге асыру және ұйымдастырудағы технологиялық әдісті белсенді пайдалану;

9) зерттеу деңгейінде және шығармашылық деңгейінде, «білім беру стандарты» деңгейінде алынған білімді қолдануды ескере отырып, «түрлі деңгейлі» білім беруді қарастыру.

2. *Мәселе негізіндегі білім беру технологиясы*, мақсаты субъектілердің шығармашылық дербестігі мен танымдық белсенділігін дамыту. Берілген технологияның маңыздылығы оқушыларға мақсатты және жүйелі түрде танымдық міндеттерді жүктеп, соның негізінде, оқушының мәселенің шешімін таба отырып, білімді белсенді меңгеруімен түсіндіріледі.

Мәселеге негізделген білім беру оқытушының үнемі жүйелі түрде күрделі жағдайларды құра отырып және оқушылардың оқу мәселесін шешу бойынша әрекеттерін ұйымдастыра отырып, олардың өз бетінше іздену қабілеттерін дайын ғылыми тұжырымдармен бірге меңгеруінің тиімді қосылысын қамтамасыз ететін оқыту үрдісі ретінде анықталады [5].

3. *Модульді білім беру технологиясы*, Д.В. Чернилевскийдің пікірі бойынша, мұның мақсаты жеке оқу бағдарламасы бойынша оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру арқылы дидактикалық жүйені тұлғаның жеке қажеттіліктері мен оның бастапқы дайындық деңгейіне бейімдеу, білім беру мазмұнының икемділігін қамтамасыз ету арқылы тұлғаның дамуы үшін біршама оңтайлы жағдайларды жасау [2].

4. *Білім берудің кредиттік технологиясына*, оқытушы мен оқушының кредитті оқу жұмыстары көлемінің бірыңғай өлшем бірлігі ретінде қолдануы арқылы оқушының пәндерді оқу жүйесін өз бетінше жоспарлауы және таңдауы негізіндегі оқыту үрдісі саяды.

Озық білім беру шарттарында кредиттік технологияны жүзеге асыру әрбір субъектінің өз білім шеңберін жүзеге асыруына, жүйелі және терең білімді, жүйелі ұсыныстарды, жүйелі ойлау дағдылары мен шеберлігін қалыптастыру үрдісін оңтайландыруға, талап етілетін құзыреттілікті және т.б дамытуға, тәуелсіз және саналы түрде таңдауға ықпал етеді.

5. *Қашықтықтан білім беру технологиясы*, оқытушы(мұғалім) мен оқушының жанама (қашықтықтан) немесе жартылай жанама байланыстары кезінде, ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылатын білім беруді қарастырады.

6. *Жаңашаландырылған (инновациялық) білім беру технологиясы*. Бұл жағдайда инновациялық білім беру болашақ (масқатты және мағынады тұжырымдау) жобаланатын, оны жүзеге асыруға дайындық үрдісі жобаланатын, болашақтың сын-тегеуірінін қабылдауға қабілетті, тұлғаны

дамытудың мақсатты түрде бағытталған, ұйымдасқан әлеуметтік жағдайы ретінде анықталады [6].

7. *Белсенді білім беру технологиясы* зерттелетін құбылыстың (мәселелі дәріс, курстық жұмыс, семинар-пікірталас және т.б.) модельдерін құрумен байланысы жоқ, еліктемейтін және еліктегіштік немесе еліктегіш-ойындық модельдеуді қарастыратын, яғни шынайы жүйеде болып жатқан, үрдістердің түрлі сәйкестік өлшемдері арқылы оқыту шарттарында жаңғыртылатын, еліктегіш деп бөлінеді.

8. *Контекстік білім беру технологиясы*. А.А. Вербицкийдің анықтамасы бойынша, контекстік білім беру – бұл дидактикалық формалардың, әдістер мен құралдардың барлық жүйелерінің көмегімен, маманның болашақ қызметінің әлеуметтік және пәндік мазмұнының модельденуі, ал олардың таңбалы жүйелер секілді дерексіз білімді меңгеруі осы қызметтің арқауы болған [5].

Контекстік білім беру технологиясы оның болашақтағы кәсіби қызметке бағдарланғандығы тұрғысынан озық білім беру механизмдерінің бірін құрайды.

Озық білім беру технологияларын және әдістерін әзірлеуде немесе қолдану, таңдау кезінде аналитикалық, теориялық, танымдық, басқарушылық және өзге қызметтердегі жүйелілік тұғыр мен жүйелі ойлау дағдыларының, шеберлігінің, жүйелі білімнің, жүйелі ұсыныстардың дамуы мен қалыптасу қажеттілігін ескеру керек.

Әдебиеттер:

1. Abdyrov A., Tashkenbayeva Zh., Askarova A., Kudaibergenova S., Alimkulova E. Establishment of agricultural research universities and their role in the innovative development in the Republic of Kazakhstan. *Espacios*, 38 (25), № 4, 2017
2. Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе: Учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 437 с.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989.-192 с.
4. Галиев Т.Т. Опережающее обучение на основе системного подхода: Учебно-методическое пособие. – Астана: Изд-во НЦОКО МОН РК, 2011. – 317 с.
5. Д. О'Коннор, И.Макдермотт. Искусство системного мышления: Необходимые знания о системах и творческом подходе к решению проблем. Пер с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. - 256 с.
6. Айсмонтас Б.Б. Теория обучения: Схемы и тесты. – М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2002.-176 с.

Ғылыми жетекші: Ж.М. Ташкенбаева, PhD, аға оқытушы